

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ**  
**ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**  
**ШЖҚ «ПАВЛОДАР МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМК**

**Бекітемін**

Директордың ӨЖ

бойынша орынбасары

\_\_\_\_\_ К. Касенова

" \_\_\_\_\_ "

\_\_ 20 \_\_ ж

**ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кәсіптік практиканың атауы: **Терапиядағы медбикелік іс бойынша диплом алу алдындағы практика**

Мамандығы: **0302000 «Медбикелік іс»**

Біліктілігі: **0302033 «Жалпы практикадағы медбике»**

Семестр: **ҮІІІ**

Сағат саны **72**

ҚР-ң 2013 жылғы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес өңделіп жасалынды

Құрастырған: Макина У.Т.

Клиникалық  
пәндерінің ЦӘК- нің мәжілісінде  
талқыланды және мақұлданды.  
Хаттама №\_\_ 20\_\_ ж/г.  
ЦӘК төрайымы

Павлодар

## ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Осы оқу бағдарламасы 0302000 «Медбикелік іс» мамандығы 0302033 «Жалпы практикадағы медбике» квалификациясы бойынша ҚР-ның 2013 жылғы типтік оқу бағдарламасы негізінде өнделіп жасалынды.

Жұмыс кезінде медбике бірінші кезеңдерде тек қана медициналық қызметкерлердің жұмысын бақылауы, соңынан белгілі медбикелік манипуляцияларды өз бетімен жасауға болады. Практика өту кезінде медбике теориялық және практикалық білімдерін кеңейтеді, медициналық деонтология мен этика бойынша білімдерін нығайтады, дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге үйренеді.

### Диплом алу алдындағы практиканың мақсаттары:

- дәрігерге дейінгі көмекті, ауруханаға жатқызу алдындағы көмекті, ауруханада науқастарға нәтижелі толық көмекті көрсете білу;
- студенттердің білімін тереңдету;
- барлық медициналық манипуляцияларды орындауды, жедел көмек көрсетуді шыңдау;
- медбике процесі технологиясын жүзеге асыру;
- болашақ өзінің мамандығына байланысты жұмысқа дайындығын бағалау;
- қорытынды мемлекеттік аттестацияға дайындығын анықтау.

### Диплом алу алдындағы практиканың міндеттері:

- шұғыл және өмірге қауіпті жағдайларда жүргізілетін диагностикалық әдістерге үйрену;
- медбикелік диагноз қоюда логикалық ойлану қабілетін, білім алу қажеттілігін дамыту;
- ең жиі кездесетін патологиялық шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге үйрену;
- этика және деонтология негіздерін нығайту;
- инъекциялар жасаған кездегі практикалық дағдыларды нығайту.

## Бағдарламаны игеру нәтижелері

Коды	Оқыту нәтижелерінің атауы
	<b>Негізгі құзіреттіліктер:</b>
БҚ-1	- жұмыс орнын ұйымдастыру;
БҚ-2	- қауіпсіздіктер техникасын сақтау;
БҚ-3	- медициналық қызметкер мен пациенттің арасындағы қарым-қатынасын құру туралы білімнің негізгі модельдерін білу;
БҚ-4	- науқастарды күту негіздерін білу;
БҚ-5	- аурулардың алдын алуға, денсаулықты нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған гигиеналық іс-шараларды білу;
БҚ-6	- медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелеріндегі медицина қызметкерлері мен науқастардың инфекциялық қауіпсіздігін және инфекциялық бақылау жүйесін білу;
БҚ-7	- алғашқы медициналық көмектің алгоритмдерін, медициналық манипуляцияларды және күтім әдістерін білу;
1.	

2.	<b>Кәсіптік:</b>
<b>КҚ 1</b>	- жаңа экономикалық жағдайдағы медициналық ұйымдар жұмысының ұйымдастырылуын білу;
<b>КҚ 2</b>	- қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологиялар негізін (компьютерді, автоматтандырылған оқыту және басқару жүйелерін т.б.) білу;
<b>КҚ 3</b>	- клиникалық белгілерді анықтауды, медбикелік дағноз қоюды, әр жастағы науқастар тобына дәлелді көмек көрсете білу;
<b>КҚ 4</b>	- ересек тұрғындар мен балаларға білікті медициналық көмек көрсету;
<b>КҚ 5</b>	- жедел медициналық көмек көрсету;
<b>КҚ 6</b>	- төтенше жағдайларда тұрғындарды, науқастарды, зардап шеккендерді және апаттық медицина, азаматтық қорғаныстың медициналық қызметі қызметкерлерін қорғау шараларын ұйымдастыру;
<b>КҚ 7</b>	- паллиативті медбикелік негіздерді, танатология негіздерін білу;
<b>КҚ 8</b>	- салауатты өмір салтын насихаттауды, денсаулық деңгейін бағалауды білу; - денсаулықты жақсарту бағдарламасын жасауды, зиянды әдеттермен күресу және алдын алу шараларын ұйымдастыра білу;
<b>КҚ 9</b>	- медициналық көмек көрсету сапасының халықаралық стандарттары саласынан құзыретті болу.
	<b>Арнайы:</b>
<b>АҚ 1</b>	- мамандығының негізгі мақсаттарын, қызметтерін, кәсіби қызметінің жағдайлары мен тәртібін айқындайтын нормативтік құжаттарды білу;
<b>АҚ 2</b>	- халақаралық денсаулық сақтау Ұйымының Бала жастағы науқастарды интеграциялы түрде бақылау бағдарламасын іске асыра білу, - балалардың профилактикалық екпе картатасын құруды және емшектегі баланың тамақтануы мен күтімі бойынша кеңес беруді білу;
<b>АҚ 3</b>	- ұйымдағы нәтижелі коммуникация әдістерін, дауларды, күйзелістерді, инновацияларды реттеуге қажет психология мәселелерін білу;
<b>АҚ 4</b>	- науқасты лабораториялық, функционалдық, аспапты зерттеу әдістеріне дайындай білу;
<b>АҚ 5</b>	- әр жүйелердің қызметі бұзылған жағдайда медбикелік үрдісті ұйымдастыру және іске асыру;
<b>АҚ 6</b>	- емдеу мекемесінде дәрігер белгілеген алдын-алу, емдеу және диагностикалық шараларды орындау, құрал-жабдықтарды дайындау және күрделі манипуляцияларды жасауда дәрігерге көмек көрсету;
<b>АҚ 7</b>	- ана мен бала денсаулығын сақтауды, жүкті әйел мен нәрестені зерттеу әдістерін білу; - жүкті әйелдер мен гинекологиялық ауруларды зерттеу әдістерін білу; - отбасын жоспарлау қағидалары мен мақсаттарын, көмектің

	негіздерін, танатология негіздерін, контрацепция (жүктіліктен сақтану) әдістерін білу;
<b>АҚ 8</b>	- өзінің кәсіби құзыретіне сәйкес реанимациялық, реабилитациялық, емдеу- сауықтыру, санитарлық- гигиеналық, санитарлық-ағартушылық іс-шараларды іске асыру.

**ТЕРАПИЯДАҒЫ МЕДБИКЕ ІСІ БОЙЫНША ДИПЛОМ АЛДЫНДАҒЫ  
ТӘЖІРИБЕНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№ р/н	Тәжірибенің бөлімдері мен тақырыптарының аты	Күндер саны	Сағат саны
	I бөлім. Аурухана медбикесінің жұмысын ұйымдастыру		
1.	1-тақырып. Қабылдау бөлімшесіндегі жұмысты ұйымдастыру. Қабылдау бөлімшесінің медициналық құжаттары. Қабылдау бөлімшесінің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртібін ұйымдастыру. Ауруханаға түскен кезде науқастарды санитарлық тазартудан өткізу. Бөлімшеге тасымалдау.	1	6
2.	2-тақырып. Терапиялық сала бөлімшесінің тәртібі мен құрылымы. Постағы кезекші медбикесінің қызметтік міндеттері. Посттың медициналық құжаттары.	1	6
3.	3-тақырып. Бөлімшенің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртібі. Емшара бөлмесі. Емшара бөлмесінің медбикесінің жұмыс тәртібі мен міндеттері. Манипуляциялардың орындалуын тіркейтін құжаттар.	1	6
4.	4-тақырып. Бөлімшедегі емдеу және диагностикалық манипуляцияларды ұйымдастыру. Науқасты емдеу мен тексерудегі медбикенің ролі. Медициналық құжаттар.	1	6
5.	5-тақырып. Науқастарды жалпы күтуді ұйымдастыру. Науқастарды тамақтандыру. Науқастарды күнделікті және жалпы бақылау. Шұғыл жағдайларда жедел көмек көрсетуге қатысу.	1	6
6.	6-тақырып. Медбикелік процесс: медбикелік диагнозды қою және оны іске асыруды жоспарлау.	1	6
	I бөлім бойынша жалпы:	<b>6</b>	<b>36</b>
	II бөлім. Емхана медбикесінің жұмысын ұйымдастыру.		
1.	1 - тақырып. Емхананың құрылымы мен жұмысымен танысу. Учаскелік медбикенің қызметтік міндеттері. Учаскенің медициналық құжаттары.	1	6
2.	2 - тақырып. Учаскедегі медбике жұмысын ұйымдастырумен танысу: патронаждар, активтер. Санитарлық-ағарту және эпидемияға қарсы жұмыстағы медбикенің ролі. Медициналық құжаттар.	1	6
3.	3 - тақырып. Емхананың лабораторлық және құралды -диагностикалық бөлімшелерінің жұмысының ұйымдастырылуымен танысу. Осы бөлмелердегі медбике міндеттері. Медициналық құжаттар.	1	6
4.	4 - тақырып. Емшара және егу бөлмелерінің жұмысымен танысу.	1	6

	Осы бөлмелердегі медбикенің міндеттері. Медициналық құжаттар.		
5.	5 - тақырып. Емхананың терапиялық сала бөлмелерінің жеке мамандарының жұмысымен танысу. Осы бөлмелердегі медбикенің міндеттері. Медициналық құжаттар.	1	6
6.	6 - тақырып. Физиотерапиялық және ЕДШ бөлімшелерінің жұмыстарының ұйымдастырылуымен танысу. Осы бөлмелердегі медбике жұмысының міндеттері. Медициналық құжаттар.	1	6
	<b>II бөлім бойынша жалпы:</b>	<b>6</b>	<b>36</b>
	Барлығы:	<b>12</b>	<b>72</b>

## **ТЕРАПИЯДАҒЫ МЕДБИКЕ ІСІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

### **I бөлім. АУРУХАНА МЕДБИКЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**1-тақырып. Қабылдау бөлімінің жұмысын ұйымдастыру. Қабылдау бөлімінің медициналық құжаттары. Қабылдау бөлімінің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртібінің ұйымдастырылуы. Науқастар түскен кезде санитарлық тазалау. Бөлімшеге тасымалдау.**

Қабылдау бөлімінің жұмысымен танысу. Науқастарды қабылдауға қатысу. Антропометрия. Дәрігерге дейінгі жедел көмек көрсету. Түскен науқастарды тіркеу. Ауру тарихын толтыру.

Қабылдау бөлімінің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртібімен танысу. Науқастар түскен кезде санитарлық тазалау. Қабылдау бөлімінің санитарлық- эпидемияға қарсы тәртібімен танысу, ауруханаға науқастар жоспарлы және шұғыл түскен кезде санитарлық тазалау ережелері. Науқастарды жағдайына байланысты тасымалдау.

**2-тақырып. Терапия саласы бөлімшесінің тәртібі мен құрылымы. Постағы кезекші медбикесінің қызметтік міндеттері. Постағы медициналық құжаттар.**

Терапия саласы бөлімшесінің жұмыс тәртібімен және құрылымымен, пост медбикесінің қызметтік міндеттерімен танысу. Медбикелердің кезекшілікті тапсыруына, таңертеңгі конференцияға, дәрігердің жалпы қарауына қатысуы. Постағы медициналық құжаттармен танысу.

**3-тақырып. Бөлімшенің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртібі. Емшара кабинеті. Емшаралық медбикенің жұмыс тәртібі мен міндеттері. Манипуляциялар орындалуын тіркейтін құжаттар.**

Бөлімшенің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртібімен танысу. Жоспарлы және күнделікті тазалауға қатысу. Емшаралық кабинет жұмысының ұйымдастырылуымен танысу. Емшаралық кабинеттің санитарлық тәртібінің ерекшеліктері, жалпы және күнделікті тазалауды өткізу тәртібі. Емшаралық медбикенің жұмыс тәртібі мен міндеттері. Емшараларды тіркейтін құжаттар. Емшараларды орындауға қатысу, тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын шыңдау.

**4-тақырып. Бөлімшедегі емдеу және диагностикалық манипуляцияларды ұйымдастыру. Науқастарды емдеу мен тексерудегі медбикенің ролі мен жауапкершілігі. Медициналық құжаттар.**

Сала бойынша бөлімшенің емдеу және диагностикалық манипуляцияларды ұйымдастырылуымен танысу, олардың өткізілуіне қатысу. Осы шаралар жоспарының тіркелу тәртібімен танысу: дәрігер қарауына және ауру тарихындағы дәрігер тағайындауларының көшірмесімен жұмыс істеу, тағайындауларды сәйкес журналдарда тіркеу. Манипуляция өткізуге науқастарды дайындау, деонтологиялық тәртіп және оны

сақтаудың маңызы. Дәрігер тағайындауларының орындалуын тіркейтін медициналық құжаттар. Бөлімше жұмысына қатысу, тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын шыңдау. Осы бөлімшедегі ауру балалар күтімінің ерекшеліктерін тану. Күтім бойынша манипуляциялардың орындалуына қатысу. Науқастардың жағдайын тұрақты бақылау іскерлігі мен дағдыларын игеру.

Жедел жағдайларда көрсетілетін дәрігерге дейінгі көмек стандарттарын қайталау. Осындай жағдайлар кездескенде көмек көрсетуге қатысу.

**5-тақырып. Науқастарды күтуді ұйымдастыру. Науқастарды тамақтандыру. Науқастарды күнделікті және жалпы бақылау. Шұғыл жағдайларда жедел көмек көрсетуге қатысу.**

Бөлімшедегі науқастарды күту ерекшеліктерімен танысу. Күтім манипуляцияларына қатысу. Бөлімшедегі науқастарды тамақтандыруды ұйымдастырумен танысу: диетотерапия бойынша дәрігерлік тағайындауларды орындау үшін ауру тарихымен жұмыс істеу, бөлімшеге порциялық талаптарды құру, ауыр халдегі науқастарды тамақтандыру, тәулік бойы науқастардың диета сақтауын бақылау, тамақтары мен әкелінген тамақтарының сақталуын үнемі бақылау. Науқастардың бақылау бойынша іскерлік пен дағдылармен танысу. Бұл бөлімдегі медбикенің орны.

Жедел жағдайларда дәрігерге дейінгі көмектің орындалу стандарттарын қайталау. Шұғыл жағдайлар кезінде жедел көмек көрсетуге қатысу.

**6-тақырып. Медбикелік процесс: медбикелік диагноз қою және оның орындалуын жоспарлау.**

Медбике процесстерінің орындалу ұстанымдары: науқасқа алғаш медбикелік бағалау өткізу, науқас мәселелерін табу, медбике күтімін тамамдау үшін медбике шараларын дайындау, қойылған мақсаттың орындалу мүмкіндігінің деңгейін анықтау. Науқас күтімі кезінде медбике үрдістерінің барлық кезеңдерін құжаттау.

**II бөлім. ЕМХАНАДАҒЫ МЕДБИКЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.**

**1-тақырып. Емхананың құрылымымен және жұмысымен танысу. Учаскелік медбикенің қызметтік міндеттері. Учаскенің медициналық құжаттары.**

Емхананың құрылымы мен жұмысының ұйымдастырылуымен, тіркеу жұмысымен, ересектерге амбулаторлық көмектің ұйымдастырылуымен танысу. «Терапиялық участок» туралы түсінік, оның территориялық және арнайы медициналық міндеттері. Учаскелік медбикенің қызметтік міндеттерімен танысу. Учаскенің медициналық құжаттары.

**2-тақырып. Учаскедегі медбике жұмысын ұйымдастыру: патронаждар, активтер. Санитарлық-ағарту және эпидемияға қарсы жұмыстардағы медбикенің ролі. Учаскелік медбикенің медициналық құжаттары.**

Учаскедегі медбике жұмысының ұйымдастырылуымен танысу: патронаждар, активтер. Дәрігер тағайындауларын орындау және науқастың туыстарын санитарлық-эпидемияға қарсы шараларға және науқасты күтуге үйрету. Санитарлық-ағарту жұмысын өткізу әдістері: санитарлық бюллетеньдер шығару, кеңестер өткізу және с.с.

Санитарлық - эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастырудағы медбикенің ролі; ауруларды қарау, күнделікті және толық тазартуды өткізуге, жұқпалы ауру ошағында күнделікті және толық тазартуды өткізуге үйрету. Осы бөлімнің жұмысын регламенттейтін медициналық құжаттар.

**3-тақырып. Емхананың лабораторлық және құралды - диагностикалық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру. Осы бөлмелердегі медбикенің міндеттері. Медициналық құжаттар.**

Емхананың қосымша қызметімен, лабораторлық және құралды- диагностикалық бөлімшелердің жұмысының ұйымдастырылуымен танысу. Науқасты лабораторлық және аспаптық зерттеу әдістеріне дайындауда учаскелік және бөлме медбикелерінің ролі,

анализдерді дұрыс жинаудың маңызы. Науқастарды тексеруге қатысу және оларды өткізуге науқастарды дайындау. Науқасты тексеру бойынша медициналық құжаттарды хаттау.

#### **4 - тақырып. Емшара және егу бөлмесінің жұмысымен танысу. Осы бөлмелердегі медбикелердің міндеттері. Медициналық құжаттар.**

Емхананың емшаралық және егу бөлмелерінің жұмысын меңгеру, ересек науқастармен жүргізілетін жұмыстың мақсаттары мен тәсілдері. Осы бөлмелердегі медбикенің қызметтік міндеттерін меңгеру. Медициналық құжаттар.

#### **5-тақырып. Емхананың терапиялық сала жеке мамандарының жұмыс ұстанымдарымен танысу. Осы бөлмелердегі медбикенің міндеттері. Медициналық құжаттар.**

Терапия бойынша жеке маман кабинеттерінің жұмыс істеу принциптерімен танысу: невропатолог, эндокринолог, кардиолог, гематолог және т.б.

Осы категориядағы дәрігерлердің науқастарға қызмет көрсетуі бойынша жұмысының ұйымдастырылуымен танысу. Осы кабинеттердегі медбикенің ролі мен қызметтік міндеттері. Кабинет жұмысына қатысу. Медициналық құжаттар.

#### **6-тақырып. Физиотерапиялық бөлімшенің және ЕДШ бөлімшесінің жұмысын ұйымдастырумен танысу. Осы бөлімшелердегі медбикенің міндеттері. Медициналық құжаттар.**

Физиотерапия кабинетінің және ЕДШ кабинетінің функционалды тағайындалуларымен, зерттеулерге науқастарды дұрыс дайындаудың маңыздылығымен танысу, осы саладағы кабинет пен учаскелік медбике жұмысымен танысу. Науқастарды тексеруге қатысу және оларға науқастарды дайындау. Медициналық құжаттарды дұрыс хаттауға үйрету.

#### **Практикалық біліктілік пен дағдылар тізбесі:**

«Терапия» бөлімі бойынша диплом алдындағы тәжірибенің сонында білім алушы келесі біліктілік пен дағдыларды көрсете алуы тиіс:

- медициналық құжаттарды толтыруды (ауру тарихы, амбулаториялық карта, статистикалық талон, ауруханаға және лабораторияға жолдама беру, порциялық тапсырыс және т.б.);
- амбулаториялық қабылдауды ұйымдастыруды;
- патронажды және диспансерлік бақылауды ұйымдастыруды;
  - медбикелік диагнозды қою деңгейінде науқасты субъективті және объективті тексеруді (науқастың мәселелерін анықтау) өткізуді;
- болжамалы медбикелік диагнозды анықтауды;
- науқас мәселелерінің іске асырылу жоспарын құруды;
- алынған нәтижелерді бағалауды;
  - ЕПМ бөлімдерінің санитарлық-эпидемияға қарсы тәртіпті ұйымдасғыруды және сақтау біліктілігін;
  - науқасты алғашқы қараудан өткізуді, оны антропометриялық тексеруді, толық және жартылай санитарлық тазартуды, педикулезді жоюды, қабылдау бөлімшесінен бөлімшеге науқасты тасымалдауды;
  - жұқпалы аурулар ошағында күнделікті және жалпы тазартуды өткізу іскерлігін;
- тамыр соғысы мен артериялық қан қысымды анықтай білуді;
- кез келген лабораториялық зерттеулерге материал жинай білуді;
  - құралдармен зерттеу әдістеріне (УДЗ, рентгенография, эндоскопиялық әдіс) науқасты дайындай білуді;
- науқастармен санитарлық-ағарту әңгімелерін өткізе білуді;
  - әртүрлі категориялы науқастардың диета сақтау талаптарын бақылай білуді;

- барлық егулер түрлерін, көк тамырға тамшы түрінде енгізуді;
- инсулинотерапия өткізуді;
  - дәрігерге дейінгі алғашқы көмекті және өкпеден қан кетулер, бронхылық демікпе, гипертониялық криз, коллапс, естен тану, шок, жедел жүрек жеткіліксіздігі, стенокардия, миокард инфаркты, кардиогенді шок, жарадан қан кетулер, асқазан жарасы тесілуі, жедел панкреатит, өт тас ұстамасы, бауырлық ұстама, бүйректік ұстама, қант диабеті кезіндегі кома, анафилактикалық реакциялар кезінде дәрігерге көмек көрсетуге көмектесе білуді;
- санитарлық-ағарту және эпидемияға қарсы жұмыстарды

## **НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР**

### 1. Негізгі:

- Қалимырзина Б.С. «Ішкі аурулар» 1,2 том
- Әйтбембет Б.Н. «Ішкі ағза аурулары пропедевтикасы»
- Момынов Е.Ә. «Мейірбике ісі негіздері»
- Мұратбекова С.К. «Мейірбике ісі негіздері»

### 2. Қосымша:

- Маколкин В.И., Овчаренко С.И. - Внутренние болезни, - Медицина, 1999
- Палеев Н.П. - Болезни органов дыхания. - М. - Медицина. - 2000., 728 с.
- Мухина Н.А., Тареева И.Е. Диагностика и лечение болезней почек. - М. - 1985.
- Гребенев А.П., Шептулина А.А. Основы общего ухода за больными. - М., 1991.